



**БҰЙРЫҚ**

13.10.2025

Ақтөбе қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 513

г.р.с. Ақтөбе

**«Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша»  
жобаларын масштабтау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауын және Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған жол картасын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Облыстың барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына:
  - 1.1. Экологиялық білім беру жүйесін дамыту, балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету бағытында «Жасыл балабақша» жобасы;
  - 1.2. Мектепке дейінгі кезеңде ІТ сауаттылықты арттыру, цифрлық технология саласындағы қарапайым дағдыларын қалыптастыру мақсатында «ІТ-балабақша» жобасы масштабталсын.
2. Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорына (Д.Жаманбаева).
  - 2.1. «Жасыл балабақша», «ІТ-балабақша» жобаларының жұмысын үйлестіруді әдістемелік сүйемелдеу қамтамасыз етілсін.
3. Ақтөбе қалалық, аудандық білім бөлімдерінің басшыларына:
  - 3.1. «Жасыл балабақша», «ІТ- балабақша» жобаларының жұмысын барлық балабақшада талапқа сай жүргізу үшін шаралар қабылдансын.
  - 3.2. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалсын.
  - 3.3. Жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасалсын.

003406

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н.Бертлеуоваға жүктелсін.



Б.Кузембаева



БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы,  
Ойыл ауылы, Кокжар көшесі, 56уф  
тел: 8(71332) 2-17-32

030900, Актюбинская область,  
Уилский район, с. Уил, ул. Кокжар,  
дом 56, тел: 8(71332) 2-17-32

2025 жылғы "13" қазан  
Ойыл с.

№ 8/2

"13" октября 2025 года  
с. Уил

**«Жасыл балабақша», «IT- балабақша»  
жобаларын аудан көлемінде іске асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты 2025 жылғы Жолдауын іске асыру мақсатында және Ақтөбе облыстық білім басқармасының №513 бұйрығына сәйкес

**БҮЙЫРАМЫН:**

1. Ойыл ауданының барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында:
  - 1.1. Балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету мақсатында «Жасыл балабақша» жобасы;
  - 1.2. Балалардың IT сауаттылығын арттыру, цифрлық дағдыларын дамыту мақсатында «IT- балабақша» жобасы енгізілсін.
  - 1.3. Жоба бойынша тірек және магниттік балабақшалар тізімі бекітілсін.
2. Жобалардың тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін:
  - 2.1. Әр балабақшада жобаларды іске асыру жоспары бекітіліп, кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілсін.
  - 2.2. Педагогтер үшін семинар, шеберлік сыныптары, тәжірибе алмасу алаңдары ұйымдастырылып, кәсіби қолдау көрсетілсін.
  - 2.3. Барлық мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық білім беру мен цифрлық технологияның қарапайым дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалуы, жобаға қатысушы педагогтердің нәтижелі жұмыс жүргізуіне қажетті жағдай жасау білім беру ұйымдарының басшыларына міндеттелсін.
3. Жобаларды әдістемелік сүйемелдеу, педагогтерге бағыт – бағдар беру жұмыстары білім бөлімінің әдіскері Р.Сенгалиеваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдістемелік кабинет меңгерушісінің м.у.а Г.Шамуратоваға жүктелсін.

Негіздеме: Ақтөбе облыстық білім басқармасының 13.10.2025ж №513 хаты негізінде;

Бөлім басшысы:

*Б.Б.*

Е.Бегалин

*«Жасыл балабақша» және «IT- балабақша» жобалары бойынша  
 тірек және магниттік балабақшалар тізімі*

<i>«IT - балабақша» жобасы</i>			
	Білім беру ұйымының атауы		Білім беру ұйымының басшысы
1.	«Асанәлі» бөбекжай - бақшасы	Тірек балабақша	Сейталипа Мейрамгул Кайырбековна
2.	«Балдәурен» бөбекжай - бақшасы	Магниттік балабақша	Айдарова Мапар Қондыбайқызы
3.	«Әсем» бөбекжай - бақшасы	Магниттік балабақша	Керей Раушан Мусабековна
4.	«Балбөбек» бөбекжай - бақшасы	Магниттік балабақша	Шауменова Раушан Жаугаштықызы
5.	Қаракемер мектеп – балабақшасы	Магниттік балабақша	Ескалиева Бакыт Мубараконна
6.	Саға мектеп - балабақшасы	Магниттік балабақша	Дүйсенғалиев Турлан Тулөпбергенович
<i>«Жасыл балабақша» жобасы</i>			
	Білім беру ұйымының атауы		Білім беру ұйымының басшысы
1.	«Балдырған» бөбекжай - бақшасы	Тірек балабақша	Бисебаева Асел Каржауовна
2.	«Жолшы» бөбекжай - бақшасы	Магниттік балабақша	Толыбаева Шара Рахымовна
3.	«Айгөлек» бөбекжай - бақшасы	Магниттік балабақша	Омарова Мейрамгул Бактығалиқызы
4.	Жамбыл мектеп - балабақшасы	Магниттік балабақша	Әбілғалин Қалыбек Майлықұлы
5.	Екпетал мектеп - балабақшасы	Магниттік балабақша	Жумагулова Гулнур Амангелдиевна
6.	Қараой мектеп - балабақшасы	Магниттік балабақша	Балмұханова Айнұр Амандыққызы

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
ОЙЫЛ АУДАНЫ  
«ЖОЛШЫ БӨБЕКЖАЙ,  
БАҚШАСЫ» МКҚК  
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ  
БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ



АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
УИЛСКИЙ РАЙОН  
ГККП «ЯСЛИ-САД ЖОЛШЫ,  
УИЛСКОГО РАЙОНА  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

030900, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, м/я «Қаншанов» 24, тел: 2-12-18  
030900, Актюбинская область, Уилский район, с. Уил, ул. Каншанов, дом 24, тел: 2-12-18

15 қазан 2025 жыл

Бұйрық № 22

Ойыл селосы

«Жасыл балабақша» жобасын  
балабақшада іске асыру туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2023 жылғы наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы және Ақтөбе облыстық білім басқармасының № 513 бұйрығына сәйкес. Ойыл ауданының білім бөлімінің № 812 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК – ның балаларға табиғат пен экологияны қорғауды үйрету мақсатында «Жасыл балабақша» жобасы енгізілсін.
2. «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру жоспары бекітіліп, кезең-кезеңмен жұмыс жүргізілсін.
3. «Жасыл балабақша» жобасының жетекшісі Кадирова Венера тағайындалсын. Жобаның жетекшісі жобаның іске асырылуын ұйымдастырып, оның жүзеге асырылуын бақылауға алсын.
4. Жобаның іске асырылуына қатысты барлық іс-шаралар бойынша жобаның жетекшісі аудандық білім бөліміне есеп беруі міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әдіскер С. Жоламановаға жүктелсін.

**Негіздеме:** Ойыл ауданының білім бөлімінің 13.10.2025 жылғы № 812 хаты

«Жолшы» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:



Ш.Р. Толыбаева